- Желілік ашаны тек құрғақ қолмен ұстаңыз, егер сіз жалаң аяқ болсаңыз немесе қолыңыз немесе аяғыңыз дымқыл болса, аспапты ұстамаңыз және қолданбаңыз.
- Кептіру машинасында жуылмаған заттарды кептірмеңіз.
- Номиналды жүктемеден асуына жол бермеңіз.
- Қалталарды оттық пен сіріңке сияқты барлық заттардан тазалаңыз.
- Кір шаюға арналған кондиционерлер немесе ұқсас құралдар олардың нұсқауларына сәйкес қолданылуы тиіс.
- Тез тұтанғыш аэрозольдерді немесе оңай тұтанғыш газдарды аспапқа жақын жерде пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.
- Аспапқа ауыр заттар, жылу немесе ылғал көздерін қоймаңыз.
- Аспапты желіден ажыратқанда кабельді емес, ашаны ұстаңыз.
- Жұмыс кезінде артқы бөлігі мен барабанды қолмен ұстамаңыз, олар ыстық.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1

Күнделікті пайдалану

- Аспапта келесі заттарды кептіруге болмайды:
 - Жуылмаған заттар.
 - Тамақ майы, ацетон, спирт, бензин, мотор отыны, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз, балауыз кетіргіш құралдар немесе басқа химиялық заттар сияқты оңай тұтанғыш заттармен ластанған заттар. Оларың булары өрт немесе жарылыс тудыруы мүмкін. Бұл заттарды әрқашан ыстық суда жуғыш заттың қосымша мөлшерімен қолмен жуу керек, содан кейін кептіргіш машинада кептірмес бұрын ашық ауада кептіру керек.
 - Толтырғыш немесе салындысы бар заттар (мысалы, жастықтар, күртешелер), себебі толтырғыш кептіргіште шығып кетіп, тұтану қаупін тудыруы мүмкін (затбелгіде кептіруге рұқсат беретін таңбалары бар заттарды қоспағанда).
 - Кеуекті резеңке (латексті көбікті резеңке), душқа арналған қалпақшалар, су өткізбейтін тоқыма бұйымдары, резеңкеленген бұйымдар және көбікті резеңке төсемдермен жабдықталған киімдер немесе жастықтар сияқты материалдарды машинада кептіруге болмайды (затбелгіде кептіруге рұқсат беретін таңбалары бар заттарды қоспағанда).
 - Астары немесе толтырмасы бар бүлінген немесе жыртылған киімдерді кептірмеңіз.
- Конденсатты ішу үшін пайдаланбаңыз.
- Аспапты түк ұстағыш сүзгісіз немесе конденсатор сүзгісіз немесе зақымдалған сүзгімен пайдаланбаңыз.
- Кептіру циклінің соңғы бөлігі киімді зақымдамайтын температурада қалдыру үшін жылусыз (салқындату циклі) жүретінін ескеріңіз.
- Қосылған аспапты ұзақ уақытқа қараусыз қалдырмаңыз. Егер ұзақ уақыт болмауыңыз қажет болса, аспапты өшіріп, ашаны розеткадан ажырату арқылы кептіру циклін тоқтату керек.
- Аспапты кептіру циклы аяқталғанға дейін сөндірмеңіз. Еш уақытта егер сіз барлық заттарды бірден алып тастамасаңыз және жылу таралуы үшін оларды жайып тастамасаңыз, кептіру машинасын кептіру циклі аяқталғанға дейін тоқтатпаңыз.
- Электр энергиясын үнемдеу және қауіпсіздік мақсатында әрбір кептіру бағдарламасынан кейін аспапты сөндіріңіз.

Қызмет көрсету / тазалау

- Тазалау және қызмет көрсету жұмыстарын орындау кезінде балалардың қараусыз болмауын қадағалаңыз.
- Жоспарлы қызмет көрсетуді бастар алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қызмет көрсету / тазалау

- Сүзгі-түк ұстағышты және конденсатор сүзгісін әр бағдарламадан кейін тазалаңыз (ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ, 23-бет қар.).
- Аспапты тазалау үшін сулы немесе булы бүріккішті пайдаланбаңыз.
- Аспапты тазалау үшін өнеркәсіптік химикаттарды пайдаланбаңыз.
- Желілік сым зақымданған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны ауыстыруды өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас біліктілігі бар мамандар орындауы керек.
- Аспапты өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу қажет болған жағдайда біздің клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Орнату

- Машинаның есікті толығымен ашуға мүмкіндік беретін жерде орнатылғанына көз жеткізіңіз. Кептіру машинасын құлыпталатын есіктің, жылжымалы есіктің немесе кептіру машинасы есігінің қарама-қарсы жағындағы топсалы есіктің артына орнатпаңыз, себебі бұл есіктің толық ашылуын шектейді.
- Аспапты жақсы желдетілетін, құрғақ жерге орнатыңыз.
- Аспапты ылғалды орынжайда, сондай-ақ судың ағып кету қаупі бар жерлерде, мысалы, шұңғылшаның астында немесе жанында орнатуға тыйым салынады. Су ағып кеткен жағдайда, электр қуатын өшіріп, машинаны табиғи түрде құрғатыңыз.
- Аспапты температура 5 °C жоғары орында ғана орнатыңыз немесе пайдаланыңыз.
- Аспапты тікелей кілемнің үстіне, қабырға немесе жиһазға жақын жерге орнатпаңыз.
- Аспапты аяз, ыстық, тікелей күн сәулесі немесе жылу көздерінің (мысалы, пештер, жылытқыштар) әсеріне ұшыратпаңыз.
- Паспорттық тақтайшасындағы электр қуаты туралы ақпарат электр желісінің деректеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер олай болмаса, электрикке хабарласыңыз.
- Көп розеткалы беймдегіштер мен ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Электрлік кабель мен ашаның зақымдалмауын қадағалаңыз, ал зақымдалған жағдайда электрикке хабарласыңыз.
- Қуат беруді қосу үшін орнатқаннан кейін оңай қол жеткізуге болатын бөлек жерге тұйықталған розетканы пайдаланыңыз. Аспапты жерге тұйықтау қажет.

Орнату

ЕСКЕРТУ:

Назар аударыңыз: орнатуға қатысты барлық суреттер осы нұсқаулықтың басында берілген.

1 Дайындау

- Алдымен барлық қаптама материалдарын, оның ішінде полистирол негізін шешіңіз. Қаптаманы шешу кезінде су тамшылары болуы мүмкін. Бұл зауытта сумен сынау нәтижесінен пайда болатын қалыпты құбылыс.

ЕСКЕРТУ:

Қаптамасын қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілмен кәдеге жаратыңыз. Жұмыс істейтін қалдықтарды қабылдау пункттері туралы ақпаратты сатушыдан немесе жергілікті билік органдарынан алуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тасымалдаудан және орнатудан кейін кептіру машинасы пайдаланар алдында екі сағат жай тұру керек.

2 Тасымалдау және күту режимі

Аспапты тек көлденең қалыпта ғана тасымалдау керек. Техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін майлағыш майы компрессор капсуласында орналасқан. Көлбеу күйінде тасымалдау кезінде бұл май жабық құбыр жүйесі арқылы енуі мүмкін. Аспапты электрлік желіге қосар алдында май капсулаға кері ағуы үшін 2 сағат күту қажет.

3 Кептіру машинасын орнату

Машинаны тегіс және қатты бетке орналастыру керек. Аяқтарын қажетті деңгейге дейін реттеңіз.

4 Электрлік қосылу

Әрбір қосар алдында келесілерге көз жеткізу керек:

- Қуат беру көзі, розетка және сақтандырғыш паспорттық тақтайшаға сәйкес келеді.
- Розетка жерге тұйықталған және қосылу үшін мультиштекер немесе ұзартқыш қолданылмайды.
- Аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қуат беру сымы зақымдалған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны дайындаушы, сервистік қызмет немесе осыған ұқсас білікті персонал ауыстыруы тиіс.

5 Кептіру машинасын теңестіру

МАҢЫЗДЫ. Машинаны төрт аяғы бірдей болатындай етіп тегістеу керек. Кептіру машинасы қай жағына болмасын шайқалмайтынына көз жеткізіңіз.

Кептіру машинасын бүйір жақтары бойынша тегістеу:

- Деңгейді кептіру машинасының артқы бөлігінің ортасына орналастырыңыз.
- Артқы аяқтарын машинаның екі бүйір жағы бір-біріне қатысты тең болатындай етіп реттеңіз.
- Аяқтарын ұстағыштан ешқашан толықтай бұрап алмаңыз.

Кептіру машинасын алдыңғы және артқы жағы бойынша тегістеу:

- Деңгейді сол жағына орнатыңыз.
- Алдыңғы сол жақ аяғын (біртіндеп) реттеңіз.
- Жоғарыдағы әрекетті оң жақ аяғы үшін қайталаңыз.

Кептіру машинасының тегіс тұрғанын екі рет тексеріңіз:

- Деңгейді кептіру машинасының алдыңғы бөлігінің ортасына орналастырыңыз.
- Кептіру машинасы қай жағына болмасын шайқалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Егер кептіру машинасы жеткілікті тегістелмеген болса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.

Тегістеуден кейін кептіру машинасы орнатылған шкафтың бұрыштары еденге тиіп кетпеуі керек, ал кептіру машинасының өзі кез келген бағытта шайқалмауы керек.

6 Конденсатты сыртынан ағызу


Кірді кептіру процесінде конденсат автоматты түрде машинаның жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан су ыдысында жиналады. Әрбір кептіру циклынан кейін су ыдысы толтырылады немесе оны босату керек.

Егер кептіру машинасы едендегі су төгетін саңылауға жақын жерде орналасқан болса, конденсатты жеткізілім жиынтығына кіретін су төгу құбыршегі арқылы тікелей кәрізге төгуге болады, бұл жағдайда су ыдысынан суды әр уақытта төгудің қажеті жоқ.

Ағызу құбыршегін қосу келесі түрде жүзеге асырылады:

- Қара түсті құбыршекті кептіру машинасының артқы жағындағы келтеқосқыштан ажыратыңыз (артқы панельдің төменгі оң жағы, 2-2 сур.).
- Сұр түсті ағызу құбыршегін жазып (кептіру машинасын жеткізу жиынтығына кіреді), машинаның ағызу саңылауына қосыңыз (2-3, 2-4 сур.).
- Ағызу құбыршегінің басқа ұшын ванна немесе ағызу құбырына орналастырыңыз.


- Жұмысты бастар алдында кептіру машинасының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- Бояуын сызып алмау үшін бөлшектерін мұқият ұстаңыз.
- Есіктерде сызаттар қалдырмайтын жұмыс бетін дайындаңыз.
- Сізге келесі құрал-саймандар қажет болады: айқыш бұрағыш.
- Жұмысты бастаған соң есікті қайта орнату аяқталғанға дейін шкафтың орнын ауыстырмаңыз.
- Бұл нұсқаулар ілмектерді оң жақтан сол жаққа ауыстыруға арналған. Егер сіз оларды қайтадан оң жаққа ауыстырғыңыз келсе, дәл сол нұсқауларды орындап, барлық нұсқауларда сол жағын оң жаққа ауыстырыңыз.



1. Жинақтағы есікті шешу


Есігін ашыңыз. Ілмек/есік торабын кептіру машинасына бекітіп тұрған екі бұрандаманы шешіп алыңыз.

Ілмек/есік торабын мұқият қоя тұрыңыз (1-сур.).




2. Ішкі есікті шешіп алу, жағын ауыстыру және орнына орнату

Ішкі есікті сыртқы есікке бекітетін сегіз жапсырма мен бұрандаларды шешіп алыңыз. Ішкі есікті демонтаждап, оны 180° бұраңыз және сол сегіз бұрандалар мен жапсырмаларды пайдаланып, сыртқы есікке қайта орнатыңыз (2-сур.).



3. Есік құлпы мен ілмекті тақтайшаны шешу, ашылу бағытын ауыстыру және орнына орнату

Ілмекті тақтайшаны бекітетін екі бұранданы бұрап алыңыз, содан кейін есік құлпының бір бұрандасын алып, төмен басыңыз да, құлпытты алыңыз, 180° бұрап, оны қарама-қарсы жаққа сол 3 бұранда мен ілмекті тақтайшаны орнатыңыз (3-сур.).



4. Ілмек/есік торабының бағытын алмастыру және орнына орнату

Ілмек/есік торабын бұрып және оны кептіру машинасына бұраңыз (4-сур.).

Ескерту: сыртқы ағызу құбыршегі берік бекітілуі керек.





ЕСКЕРТУ:

Сұр түсті ағызу құбыршегі екі ұшына салынғаннан кейін мықтап бекітілуі керек.

Сұр ағызу құбыршегін бүгуге болмайды.

Сұр ағызу құбыршегін машинаның жоғарғы бөлігінен 15 см артық биік орналастыруға болмайды.

Орнату иллюстрациялары



3. АЛҒАШҚЫ ПАЙДАЛАНУ

Мақсаты

Бұл аспап сулы ерітіндіде жуылған және өндірушінің жапсырмасында кептіргіш машинада кептіруге жарамды деп белгіленген заттарды кептіруге арналған.

Ол орынжай ішінде және үй жағдайында ғана пайдалануға арналған. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған. Құрылғыны өзгертуге немесе түрлендіруге жол берілмейді. Аспапты мақсатынан тыс пайдалану қауіптердің туындауына және барлық кепілдік міндеттемелер мен жауапкершіліктің тоқтатылуына әкелуі мүмкін.

Экологиялық тұрғысынан жауапты пайдалану

- Толық сығу: Кірді максималды жылдамдықта толық сығыңыз.
- Максималды жүктеме: бағдарламалар кестесіне сәйкес кірдің максималды мөлшерін пайдаланыңыз, бірақ кептіру машинасын шамадан тыс жүктемеңіз. Максималды жүктемені пайдалану үшін «КИЮГЕ ДАЙЫН» қалпына дейін кептірілуі керек кірді алдымен «үтіктеуге дайын» кептіру арқылы аздап кептіруге болады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін үтіктеу қажет кірді алып шығып, қалған кірді соңына дейін кептіріңіз.
- Кірді тегістеңіз: кірді кептіргішке салмас бұрын оны сілкіңіз.
- Шектен тыс кептіруге жол бермеңіз: Шектен тыс кептірудің алдын алу керек. Дұрыс бағдарлама мен тиісті кептіру дәрежесін таңдау керек.
- Кір жууға арналған кондиционерлерді пайдаланбаңыз: жуу кезінде кондиционерлерді пайдаланбаңыз, себебі кептіргіште кір үлпілдек және жұмсақ болады.
- Түк аулағыш сүзгілерді тазалау: Түк аулағыш сүзгілерді әр кептіру циклынан кейін тазалаңыз.
- Желдету: Аспаптың дұрыс желдетілетініне көз жеткізіңіз (ОРНАТУ қар.).
- Конденсатты қайта пайдалану: Жиналған конденсатты бу үтігі үшін пайдалануға болады. Бұған дейін оны жұқа електен немесе қағаз кофе сүзгісінен өткізу керек. Сүзгі ұсақ бөлшектерді ұстап қалады.

Бұйымның сипаттамасы

ЕСКЕРТУ

Техникалық өзгерістер мен модельдер арасындағы айырмашылықтарға байланысты келесі тараулардағы иллюстрациялар сіз сатып алған модельден ерекшеленуі мүмкін.


1 Құрылғыкескіні

Алдыңғы жағы (3-1 сур.):



- 1 Су ыдысы
- 2 Кептіру машинасының есігі
- 3 Басқару панелі

Артқы жағы (3-2 сур.):



- 4 Қуат беру кабелі
- 5 Артқы панель
- 6 Ағызу саңылауы
- 7 Реттелетін аяқтар

2 Керек-жарақтар

Ұсынылған тізімге сәйкес қосымша жабдықтар мен құжаттаманы тексеріңіз (3-3 сур.):



Ағызу құбыршегі


Кептіруге арналған тұғыр

Пайдаланушы нұсқаулығы

3-3

4. ФУНКЦИОНАЛ

Басқару панелі



1 Су ыдысы
2 Дисплей

3 Бағдарламаны таңдау тұтқасы
4 Функциялы қ батырмалар


5 «Қосу/Кідірту» батырмасы

ЕСКЕРТУ: Дыбыстық сигнал

Қажет болса, дыбыстық сигналды қосуға немесе өшіруге болады; «Дыбыс сигналын өшіру» бөлімін қараңыз (16-бетті қар.).


1 Қуат беру батырмасы

Осы батырманы басып (4-2 сур.), дисплейдің жарықтандырылуын қосу үшін оны шамамен 2 секунд ұстаңыз. Сөндіру үшін тағы бір рет басып, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Белгіленген уақыт өткеннен кейін панельдегі ешбір элемент немесе бағдарлама белсендірілмесе, машина сөнеді.



2 Бағдарламаны таңдау

Тұтқаны бұру арқылы (4-3 сур.) 13 бағдарламаның бірін таңдай аласыз, бұл кезде дисплейде әдепкі бойынша баптаулар көрсетіледі.



3 Дисплей

Дисплейде (4-4 сур.) келесі ақпарат көрсетіледі:

- Бағдарлама атауы
- Қалған уақыт
- Кейінге қалдырылған іске қосудың қалған уақыты
- Дабыл сигналдары және сыбырсөздер туралы ақпарат
- Кідірістің аяқталуы туралы ақпарат
- Іске қосуды кейінге қалдыру уақыты




4 Су ыдысы

Су ыдысын ашыңыз, мұнда келесі компоненттер бар (4-5 сур.):

1: Су ыдысы.


2: Суды құю орны



5 Функциялық батырмалар

Функциялық батырмалар (4-6 сур.) таңдалған бағдарламада оны іске қоспас бұрын қосымша функцияларды қосуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі бағдарламалар үшін әр түрлі функциялық батырмаларды қосуға болады.



ЕСКЕРТУ: Зауыттық баптаулар

Әрбір бағдарлама үшін үздік нәтижеге қол жеткізу үшін Naier арнайы әдепкі бойынша баптауларды орнатты. Егер ерекше талаптар болмаса, әдепкі қалпы бойынша баптауларды пайдалануды ұсынамыз.

6 «Защита от детей» (Балалардан қорғау) функциялық батырмасы

- Іске қосу бағдарламасын таңдағаннан кейін «Защита от детей» (Балалардан қорғау) батырмасын ұзақ басып, балалардан бұғаттауды қосу үшін оны 3 секунд басып тұрыңыз, дисплейде «☹» көрсетіледі.
- Бұғаттау кезінде қуат беру батырмасынан басқа барлық басқару элементтері басуға жауап бермейтін болады. Балалардан бұғаттауды шешу үшін «Защита от детей» (Балалардан қорғау) батырмасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, дисплейдегі «☹» таңбасы жойылады.

**Защита
от детей**

4-7

ЕСКЕРТУ: Балалардан қорғау

Қолмен белгіленген балалардан бұғаттауды қолмен өшіру керек немесе ол бағдарлама аяқталғаннан кейін автоматты түрде өшеді. Қуатты өшіру және қате туралы хабарлар балалардан бұғаттауды жоймайды. Ол аспапты келесі рет қосқан кезде жұмысын жалғастырады.

7 «Степень сушки» (Кептіру дәрежесі) функциялық батырмасы


- Бағдарлама аяқталғандағы кірдің шекті ылғалдылығын белгілеу үшін батырманы басыңыз (4-8 сур.).
3 кептіру дәрежесі қарастырылған :

Экстра құрғақ «  »

Киюге дайын «  »

Үтіктеуге дайын «  ».

4-8



8 «Без аллергии» (Аллергиясыз) функциялық батырмасы

- Бағдарламаны таңдамас бұрын зарарсыздандыру функциясын қосу немесе сөндіру және кептіру уақытын 90 минутқа арттыру үшін батырманы басыңыз (4-9 сур.).
- Батырманы басқанда дисплейде «  » көрсетіледі .
Бағдарламаны орындау кезінде «  » таңбасы көрсетілмейді .

4-9



9 «Отл. старт» (Кейінге қалдырылған қосу) функциялық батырмасы

- Кейінге қалдыру уақытын орнату үшін батырмасы басып немесе ұстап тұрыңыз (4-10 сур.).
Оны 1–24 сағат аралығында жарты сағаттық қадаммен орнатуға болады.
- Қосуды кейінге қалдыруды белсендіру үшін «Пуск/Пауза» (Қосу/Кідірту) батырмасын басыңыз.

4-10



10 «Time- Time+» функциялық батырмасы

- Осы екі батырма бағдарламалардың кептіру уақытын таймермен (уақыт бойынша кептіру) реттеу үшін қолданылады .
- Бағдарлама немесе іске қосуды кейінге қалдыру уақытынан бастап 10 минуттық қадаммен уақытты арттыруға немесе азайтуға болады.

4-11



11 «Темп» (Қарқын) функциялық батырмасы

- Бұл функция кептіру температурасын жеке қажеттіліктерге немесе талаптарға сәйкес реттеуге арналған . Батырманың көмегімен (4-12 сур.) қажетті кептіру температурасын орнатыңыз .
4 деңгей қарастырылған : Жоғары, Орташа, Төмен, Салқын .
- Түрлі бағдарламалар үшін әр түрлі температура баптаулары бар.

4-12



12 «Память» (Киімді жылыту) функциялық батырмасы

- Бағдарламаны , кептіру дәрежесін және температураны таңдағаннан кейін таңдалған баптауларды жадта сақтау үшін батырманы ұзақ басыңыз, сонда олар қуат өшірілгеннен кейін сақталады .
- Жад бағдарламасын тазалау үшін «Time-» және «Time+» батырмаларын басып, экранда dEF жазуы шыққанға дейін ұстап тұрыңыз.

4-13



13 «Без складок» (Қыртыссыз) функциялық батырмасы

- Егер киімді кептіру циклі аяқталғаннан кейін бірден алып тастамаса, онда барабанда ұзақ уақыт сақталуына байланысты қайтадан қыртыстар пайда болуы мүмкін. Осы функция аталған мәселені болдырмауға жағдай жасайды. Кептіру аяқталғаннан кейін барабан суық үрлеумен тағы 1–12 сағат айнала береді. Киімді шығаруды ұмытып кеткеніңіз үшін алаңдау қажет емес.
- Осы функциялық батырманы басқаннан кейін, дисплейде «» пайда болады.

4-14

Без
складок

14 «▶▶» функциялық батырмасы

- Осы батырманы жеңіл басу арқылы [4-15 сур.] ағымдағы бағдарламаны бастауға немесе тоқтатуға болады.

4-15



15 «🔄 Авто» функциялық батырмасы

- Кептіру машинасы өшірілген кезде (қуат сымы қосылған, машинаның есігі жабық) « Авто» батырмасын басып, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, кептіру машинасы қосылып, бағдарламаны орындай бастайды, ал дисплейде «» көрсетіледі;
- Кептіру машинасы іске қосылған кезде « Авто» батырмасын басыңыз, дисплейде «» жыпылықтайды (параметрлер бағдарламаны іске қоспас бұрын реттелуі мүмкін), бағдарламаны іске қосу үшін «» батырмасын басыңыз.

4-16



16 Дыбыс сигналын өшіру

- Дыбыстық сигналды қосу/сөндіру үшін екі батырманы бір мезгілде басып, үш секунд бойы [4-17 сур.] ұстап тұрыңыз, содан соң сигнал әдепкі бойынша қосылады.

4-17

Темп.
+
Без
складок

Бағдарлама	Сипаттамасы	Максималды ұсынылатын жүктеме	Автоматты тану
Аралас	Ыстыққа төзімді мақта мен зығыр материалдары мен аралас киімдерді кептіруге жарамды.	10,5	Иә
Жылдам 30 мин	Жеңіл синтетикалық талшықтардан немесе мақтадан жасалған киімнің аз мөлшерін тез кептіруге жарамды, кептіру уақыты қысқа.	1	Иә
Балалар киімі	Ыстыққа тұрақты мақтадан жасалған балалар киімдерін кептіруге жарамды.	3	Иә
Мақта	Ыстыққа тұрақты мақта мен зығыр маталарды кептіруге жарамды.	10,5	Иә
Жүн	Уақыт бойынша кептіруге жарамды.	1	Жоқ
Мамық заттар	Барабанда кептіруге болатын мамық күртешелерді, көкірекшелерді және басқа киімдерді кептіруге жарамды, ал кептіру уақытын киімнің қалыңдығы мен салмағына қарай таңдауға болады.	2	Жоқ
Іш киім	Мақта және аралас полиэстер-мақта жейделерін қалыпты кептіру үшін жарамды. Кептіру үшін киімдердің аз мөлшерін жүктеу ұсынылады.	3	Иә
Уақыт бойынша кептіру	Машинада кептіруге болатын киімді үнемі кептіруге жарамды (жібек, жүн және үй тоқыма бұйымдарынан басқа), ал кептіру уақытын киімнің салмағы мен ылғалдылығына қарай таңдауға болады.	/	Жоқ
Жібек	Төмен температуралы барабанда кептіруге болатын жібек жейделер мен көйлектерді кептіруге жарамды, кептіру уақытын таңдауға болады. Кірді толығымен кептірмеу, оны уақытында шығарып, кептіру циклі аяқталғаннан кейін іліп қою ұсынылады.	1	Жоқ
Жейделер	Мақта және аралас полиэстер-мақта жейделерін қалыпты кептіру үшін жарамды. Кептіру үшін киімдердің аз мөлшерін жүктеу ұсынылады.	3	Иә
Спорт	Ыстыққа тұрақты мақталы және аралас қалың жемпірлерді, спорттық киімдерді және т. б. кептіруге жарамды.	4	Иә
Көрпелер	Ыстыққа төзімді мақта төсек жаймаларды, көрпелерді және т. б. кептіруге жарамды.	5	Иә
Сөреде кептіру	Кептіру үшін қолдау қажет киім үшін қолайлы, кептіру уақытын таңдауға болады.	1	Жоқ

5. ПАЙДАЛАНУ

Ресурстарды тұтыну

Экологиялық тұрғысынан жауапты пайдалану

- Кірді кептіру машинасына жүктемес бұрын оны мүмкіндігінше ұзақ сығыңыз.
- Кептіру машинасын шамадан тыс жүктемеңіз.
- Кептіру машинасына салар алдында кірді сілкіп алыңыз.
- Неғұрлым тиімді кептіру бағдарламасын таңдаңыз. Кірді қажет болғаннан ұзағырақ кептірмеуге тырысыңыз.
- Кептіру машинасының сүзгілерін міндетті түрде тазалаңыз.

Ұсыныстар және кеңестер

1 Крахмалданған кір

Крахмалданған кір барабанда крахмал үлдірін қалдырады, сондықтан кептіру машинасына жарамайды.

2 Кірге арналған кондиционер

Жуу кезінде кондиционерді пайдаланбаңыз, себебі кептіргіш машинада кір жұмсақ және үлгілдек болады.

3 Күтім жасауға арналған жұмсақ маталар

«Жұмсақ майлықтарды» қолдану түк ұстайтын сүзгілерде ластанудың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл сүзгілердің бітелуіне себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда жұмсақ майлықтарды пайдаланудан бас тартуды немесе басқа марканы таңдауды ұсынамыз. Қалай болғанда да, өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

4 Кірдің аз мөлшерін жүктеу

Кірдің мөлшері 1,0 кг кем болса, «По времени (Таймер)» (Уақыт бойынша) бағдарламасын таңдау керек, себебі жүктеме аз болғандықтан, кейде кірдің құрғақтық дәрежесін анықтау мүмкін емес.

5 Барабанның ішкі жарықтандырылуы

Аспап қосылған кезде барабанның ішкі жарықтандырылуы есік ашық болған кезде қосылады.

6 Сервистік люк

Жұмыс кезінде сервистік люк үнемі жабық болуын қадағалаңыз.

7 Қыртысталудан қорғау

Циклдің соңында, егер кір алынбаса, барабан кірдің қыртысталуын болдырмау үшін мезгіл-мезгіл айналады.

8 Қалған уақыт

Бағдарламаның ұзақтығына келесі факторлар әсер етеді: мата типі, жүктеме мөлшері, ылғалдылық, қалаулы құрғақтық дәрежесі және жуу кезінде сығу жылдамдығы. Бұл факторлар бағдарламаны орындау кезінде электроникамен жазылады, ал қалған уақыт сәйкесінше реттеледі.

9 Өте ірі заттар

Цикл аяқталғаннан кейін, егер қажетті құрғақтық деңгейіне қол жеткізілмесе, кірді қопсытыңыз және уақыт бойынша кептіру бағдарламасын (ТАЙМЕР) пайдаланып, кептіруді қайталаңыз.

10 Ерекше нәзік маталар

Тез отырып қалатын немесе пішінін жоғалтатын маталарды, сондай-ақ жібек шұлықтар мен іш киімді кептіргішке тікелей салуға болмайды. Нәзік заттарды кірге арналған қапшыққа салыңыз және шектен тыс кептірмеңіз.

11 Джерси және трикотаж

Трикотаж және джерси киімдері үшін шамадан тыс кептіруді болдырмау үшін «Нәзік кептіру» бағдарламасын пайдалану ұсынылады.

12 Киімді аудару

Шектен тыс кептіруді болдырмау үшін сыдырманы жауып, киімді ішінен және сыртынан аудару керек.

13 Металл әшекейлер

Егер киімде металл әшекейлер немесе пластик моншақтар болса, кептіруді бастамас бұрын оларды барабанға түсіп кетпеу және зақымдалмау үшін дұрыс орау керек.

14 Дыбыстық сигнал

Келесі жағдайларда дыбыстық сигнал берілуі мүмкін:

- Су ыдысы толғанда.
- Ақаулықтар туындағанда.


Киім затбелгілеріндегі таңбалар кестесі

Жуу					
 95	Әдеттегі режимде 95 °C дейін жуу	 60	Әдеттегі режимде 60 °C дейін жуу	 60	Нәзік режимде 60 °C дейін жуу
 40	Әдеттегі режимде 40 °C дейін жуу	 40	Нәзік режимде 40°C дейін жуу	 40	Аса нәзік режимде 40°C дейін жуу
 30	Әдеттегі режимде 30 °C дейін жуу	 30	Нәзік режимде 30°C дейін жуу	 30	Аса нәзік режимде 30°C дейін жуу
 	Қолмен жуу, макс. 40 °C		Жууға болмайды		
Ағарту					
 	Ағартуға рұқсат береді		Тек оттекті/хлорсыз		Ағартуға болмайды
Кептіру					
 	Қалыпты температурада барабанда кептіру	 	Төмен температурада барабанда кептіру		Барабанда кептіруге болмайды
 	Жіпке жайып кептіру	 	Жайылған қалыпта кептіру		
Үтіктеу					
 	Максималды 200 °C дейін температурада үтіктеу	 	Орташа 150 °C дейін температурада	 	Төмен 110 °C дейін температурада үтіктеу; буландырмау [бумен үтіктеу қайтымсызсалдарға алып елуі мүмкін]
	Үтіктеуге болмайды				

1

Кептіру машинасын дайындаңыз

1. Машинаны қуат беру көзіне қосыңыз (220-240 В~/50 Гц) (9-1 сур.) ОРНАТУ бөлімін қар.
2. Келесілерге көз жеткізіңіз:
 - Су ыдысы бос және дұрыс орнатылған. (9-2 сур.)
 - Түк аулағыш сүзгі таза және дұрыс орнатылған. (9-3 сур.).
 - Конденсатор сүзгісі таза және дұрыс орнатылған (9-4 сур.).




2

Кірді дайындаңыз

Жуу кезінде кондиционерді пайдаланбаңыз, себебі кептіргіш машинада кір жұмсақ және үлпілдек болады.

- Киімдерді мата типі бойынша сұрыптаңыз (мақта, синтетика, жүн және т.б.) Тек сығылған киімді кептіріңіз.
- Қалталардан кілттер, оттықтар және сіріңкелер сияқты өткір және оңай тұтанғыш заттарды алып тастаңыз. Қатты декоративтік заттарды, мысалы, түйреуіштерді алып тастаңыз.
- Сыдырмасын салыңыз және түймелердің тығыз тігілгеніне, шұлық, бюстгальтер және т.б. ұсақ заттардың жууға арналған қапшыққа салынғанына көз жеткізіңіз.
- Төсек жабдықтары, дастархан секілді ауқымды мата бұйымдарын жазыңыз.
- Кірдің затбелгісіндегі нұсқауларды сақтап, тек машинада кептіруге болатын заттарды ғана кептіріңіз.



Жүктеу бойынша ақпарат	Құрамы	Бір бұйымның орташа салмағы
Төсек жайма (бір адамдық)	Мақта	Шамамен 800 г.
Аралас маталы киімдер	/	Шамамен 800 г.
Күртешелер	Мақта	Шамамен 800 г.
Джинс	/	Шамамен 800 г.
Жұмыс киімі	Мақта	Шамамен 950 г.
Пижамалар	/	Шамамен 200 г.
Жейделер	/	Шамамен 300 г.
Шулықтар	Аралас маталар	Шамамен 50 г.
Футболкалар	Мақта	Шамамен 300 г.
Іш киім	Аралас маталар	Шамамен 70 г.

КЕҢЕСТЕР:

- Ақ заттарды түрлі-түсті заттардан жеке кептіріңіз.
- Төсек жабдықтары мен жастық тыстарын ішіне ұсақ заттар кіріп кетпеуі үшін түймелеп қюу керек.
- Сыдырмалар мен ілмектерді жауып, металл бөлшектері жоқ бос белбеулерді, алжапқыш бауларын және т.б. байлап қойыңыз.
- Киімді кептіргішке салар алдында, металл түймелер сияқты берік бекітілмеген металл бөлшектерді алып тастаңыз.
- Жеңіл кірді шектен тыс кептірмеңіз. Қыртысталу қаупі. Киімдерді ашық ауада толық кептіріңіз.
- Киімдер, мысалы, трикотаж артық құрғауы ықтимал. Үнемі «үтіктеуге дайын» кептіру дәрежесін таңдауды ұсынамыз.
- Алдын ала кептірілген, көп қабатты киім үшін немесе соңғы кептіру үшін уақыт бойынша кептіру бағдарламасын (ТАЙМЕР) таңдау керек.

3

Машинаға киімді жүктеу

- Алдын ала сұрыпталған киімдерді жазып, машинаға салып жүктеңіз.
- Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.
- Есігін абайлап жабыңыз. Киімнің қысылмауын қадалаңыз.

4

Киімді шығару және қосу

Киімді алып шығу немесе қосу үшін бағдарламаны кез келген уақытта тоқтатуға болады.

- Есік ашылған уақытта цикл тоқтайды. Кірді алу немесе қосу кезінде абай болыңыз! Барабанның немесе кірдің ішкі жағы ыстық болуы мүмкін, сондықтан күйіп қалу қаупі бар.
- Бағдарламаны жалғастыру үшін есікті жапқаннан кейін «Қосу/Кідірту» батырмасын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тоқыма емес, сондай-ақ ұсақ, бос немесе өткір жиектері бар заттар киім мен машинаны зақымдауы мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Еш уақытта егер сіз барлық заттарды бірден алып тастамасаңыз және жылу таралуы үшін оларды жайып тастамасаңыз, кептіру машинасын кептіру циклі аяқталғанға дейін тоқтатпаңыз.

5

Кептіру машинасына кірді жүктеу


1. Машинаны шектен тыс жүктеместен, кірді барабанға біркелкі орналастырыңыз.
2. Кептіру машинасын қосу үшін қуат беру батырмасын (9-7 сур.) басыңыз.



ЕСКЕРТУ:

Кір шаюға арналған кондиционерлер немесе ұқсас құралдар өндірушінің нұсқауларына сәйкес қолданылуы тиіс.

3. Температура, кептіру дәрежесі, кейінге қалдырылған іске қосу сияқты функцияларды баптаңыз. Осыдан кейін кептіру циклын бастау үшін «Қосу/Кідірту» батырмасын (5-8 сур.) басу керек.



5-8

6 Кептіру циклын аяқтау

Кептіру циклы аяқталғаннан кейін кептіру машинасы жұмысын автоматты аяқтайды. Дисплейде шамамен 5 секундқа END жазуы пайда болады. Кептіру машинасының есігін ашып, киімдерді шығарыңыз.

1. Кептіру машинасын сөндіру үшін қуат беру батырмасын (5-9 сур.) басыңыз.



5-9

2. Кептіру машинасының ашасын розеткадан (5-10 сур.) ажыратыңыз.




5-10

3. Әр кептіру циклынан кейін су ыдысын босатыңыз (5-11 сур.).




5-11

4. Әр кептіру циклынан кейін түк аулағыш сүзгіні тазалаңыз (5-12 сур.).




5-12

5. Әр кептіру циклынан кейін конденсатор сүзгісін тазалаңыз (5-13 сур.).



5-13



7 Кептіруге арналған тұғырды пайдалану

Кептіруге арналған тұғыр кроссовкалар, жемпірлер немесе нәзік кірлер сияқты барабанда кептіруге ұсынылмайтын заттарға арналған.

1. Кептіру машинасының есігін ашыңыз.
2. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
3. Кептіруге арналған тұғырды барабанға орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ

Кептіру машинасында басқа киім болса, кептіруге арналған тұғырды пайдаланбаңыз.

Кептіру кезінде заттардың тұғырға барабан айналған кезде арақабырғаларда шатасып қалмас үшін орналастырылғанына көз жеткізіңіз.

Ылғалды заттардың максималды салмағы: 1,5 кг.

6. КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ




6

КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

1 Түк аулағыш сүзгіні тазалау

Түк аулағыш сүзгіні әр кептіру циклынан кейін тазалаңыз.





1. Түк аулағыш сүзгіні барабаннан шешіп алыңыз (6-1 сур.).
2. Түк аулағыш сүзгіні ашыңыз (6-2 сур.).
3. Сүзгіден ластануларды алып тастаңыз (6-3 сур.).
4. Тазартылған түк аулағыш сүзгіні кептіру машинасына орналастырыңыз (6-4 сур.).



2 Конденсатор сүзгісін тазалау

Сүзгіні әр кептіру циклынан кейін тазалаңыз.

1. Есігін ашыңыз.
2. Талшық аулағыш сүзгіні алдыңғы арнасынан алып шығыңыз (6-6 сур.).
3. Ауа арнасынан конденсатор сүзгісін алып шығыңыз (6-7 сур.).
4. Губкалы сүзгіні конденсатор сүзгісінен ажыратып, оны ластанудан тазартыңыз (6-8 сур.).
5. Губкалы сүзгіні конденсатор сүзгісіне орнатып, оны қайтадан ауа өткізгішіне салыңыз.



ЕСКЕРТУ

Егер түк аулағыш сүзгі / конденсатор сүзгісі қатты ластанған болса, оны ағынды сумен тазалауға болады. Пайдаланар алдында оны толық кептіріңіз.

KZ

3 Су ыдысын босатыңыз

Жұмыс кезінде бу суға конденсацияланып, су ыдыстарына жиналады. Әр кептіру циклінен кейін суға арналған ыдысты босатыңыз.

1. Су ыдысын корпустан алып шығыңыз (6-9 сур.).

2. Су ыдысын босатыңыз (6-10 сур.).

3. Су ыдысын кептіру машинасындағы орнына орнатыңыз (6-11 сур.).



ЕСКЕРТУ

Бұл суды ауыз су ретінде немесе тағамдарды өңдеу үшін пайдаланбаңыз.

4 Кептіру машинасы

Кептіру машинасының сыртқы беті мен басқару панелін ылғалды матамен сүртіңіз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін органикалық еріткіштерді немесе жемір заттарды қолданбаңыз.

5 Барабан

Ұзақ уақыт жұмыс істегеннен кейін кальций мен минералды заттар сияқты судағы микроэлементтер барабанның ішінде көрінбейтін үлдірдің түзілуіне әкеледі. Оны кетіру үшін дымқыл шүберек пен жуғыш заттың азғантай мөлшерін қолданыңыз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін органикалық еріткіштерді немесе жемір заттарды қолданбаңыз.

Ақауларды жою

Көптеген туындаған мәселелерді арнайы білімсіз өз бетімен шешуге болады. Барлық нұсқаларды тексеріп, сатудан кейінгі қызметке хабарласпас бұрын төмендегі нұсқауларды орындаңыз. КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ бөлімін қар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қызмет көрсетер алдында аспапты сөндіріп, желілік ашаны розеткадан ажыратыңыз
- Электрлік жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электрик мамандыры жүргізуі керек, себебі қате жөндеу айтарлықтай шығындарға әкелуі мүмкін
- Желілік сым зақымданған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны ауыстыруды өндіруші оның сервистік агенті немесе ұқсас біліктілігі бар мамандар орындауы керек.

Дисплейдегі қате код бойынша ақауларды жою

Код	Себебі	Жою тәсілі
	Су ыдысы толған, суды төгіңіз.	Су ыдысын босатыңыз.
F2:	Ағыз су сорғысының немесе су деңгейін ауыстырып-қосқыштың ақауы.	Сервистік қызметке жүгініңіз.
F32:	Конденсатор шығысында орналасқан температура датчигі ақаулы.	Сервистік қызметке жүгініңіз.
F33:	Компрессор шығысында орналасқан температура датчигі ақаулы.	Сервистік қызметке жүгініңіз.
F4:	Қалыпты емес қызу.	Сервистік қызметке жүгініңіз.
FC2:	Қуат беру тақшасы мен дисплей тақшасы арасындағы байланыс ақауы.	Сервистік қызметке жүгініңіз.
FC0:	Желі ақаулығы.	Сервистік қызметке жүгініңіз.

Егер қате кодтары шара қабылдағаннан кейін қайта пайда болса, аспапты сөндіріп, электр қуатын өшіріп, сервистік қызметіне хабарласыңыз.

Дисплейдегі қате кодынсыз ақаулықтарды жою

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Кептіру машинасы жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> Қуат беру көзіне қате қосылу. Қуат беру іркілісі. Кептіру бағдарламасы белгіленбеген. Құрылғы қосылмаған. Есік қате жабылған. 	<ul style="list-style-type: none"> Қуат беру көзіне қосылуды тексеріңіз. Қуат беру көзін тексеріңіз. Кептіру бағдарламасын орнатыңыз. Құрылғыны қосыңыз. Есікті дұрыс жабыңыз.
Кептіру машинасы жұмыс істемейді, дисплейде END көрсетіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Кір бағдарламада белгіленген құрғақтық дәрежесіне жеткен. 	<ul style="list-style-type: none"> Бағдарламаның белгіленген параметрлерге сәйкестігін тексеріңіз.
Кептіру уақыты тым ұзақ және нәтиже қанағаттанарлықсыз	<ul style="list-style-type: none"> Бағдарламаны қате баптау. Сүзгі бітелген. Буландырғыш бұғатталған. Кептіру машинасы артық жүктелген. Кір тым ылғалды. Желдету арнасы бұғатталған. 	<ul style="list-style-type: none"> Бағдарлама дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сүзгі торын тазалаңыз. Буландырғышты тазалаңыз. Азырақ кір салыңыз. Кептірер алдында кірді толық сығыңыз. Желдету арнасын тексеріңіз және тазалаңыз.
Қалған уақыт дисплейде тоқтайды немесе өткізіледі.	<p>Қалған уақыт келесі факторларға байланысты үнемі түзетіліп отырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Кір матасы. Жүктеу салмағы. Кір ылғалдылығының дәрежесі. Қоршаған орта температурасы. 	<p>Автоматты реттеу қалыпты операция болып табылады.</p>

Клиенттерді қолдау қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз ақауыңыздың шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (ҚР)

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Сервистік орталығымызға жүгіне отырып, өтінеміз, паспорт тақтайшасынан және түбіртектен табуға болатын төмендегі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____



Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттарды тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек. Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және коймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек.

Кепілдік шарттары

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы тандауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай* кепілдікті мерзімді белгілейді. Бқтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сақтан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоназыту контурымен және электрілік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- сұқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушылық немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бәгін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, лампашкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* Кір жуатын/ кептіретін/ ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоңазытқыш/ мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі – тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кептіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Техникалық деректердің анықтама парағы

Сауда маркасы	Haier
Модель сәйкестендіргіші	HD105-A2336
Номиналды жүктемесі (кг)	10,5
Кептіру машинасының типі	Жылу сорғысымен
Энергия тиімділігінің класы	A++
Орташа өлшенген жылдық энергияны тұтыну (кВтсағ /жыл) ¹⁾	288
Барабанды кептіргіш машинасы автоматикамен немесе онсыз	автоматикамен
Мақтаға арналған стандартты бағдарламаның энергияны тұтынуы ³⁾ толық жүктеу кезінде (кВтсағ /цикл)	2,43
Мақтаға арналған стандартты бағдарламаның энергияны тұтынуы ³⁾ ішінара жүктеу кезінде (кВтсағ /цикл)	1,2
«Өшірулі» режиміндегі тұтынылатын қуаты (Вт)	0,3
«Қосулы қалдырылған » режиміндегі тұтынылатын қуаты (Вт)	0,44
«Қосулы қалдырылған » режимінде болу ұзақтығы (мин.) ²⁾	15
Стандартты кептіру бағдарламасы ³⁾	Мақта
Кептірудің стандартты бағдарламасын орындаудың орташа өлшенген уақыты ³⁾ толық және ішінара жүктеу кезінде (мин.)	173
«Мақта» стандартты бағдарламасының орындалу уақыты ³⁾ толық жүктеу кезінде (мин.)	235
«Мақта» стандартты бағдарламасының орындалу уақыты ³⁾ ішінара жүктеу кезінде (мин.)	126
Конденсация тиімділігінің класы ⁴⁾	A
Стандартты «Мақта» бағдарламасы үшін конденсацияның орташа өлшенген тиімділігі ³⁾ толық және ішінара жүктеу кезінде (%)	91
Стандартты «Мақта» бағдарламасы үшін конденсацияның орташа тиімділігі ³⁾ толық жүктеу кезінде .	91
Стандартты «Мақта» бағдарламасы үшін конденсацияның орташа тиімділігі ³⁾ ішінара жүктеу кезінде .	91
Стандартты «Мақта» бағдарламасы үшін шудың өлшенген деңгейі ³⁾ толық жүктеу кезінде (дБ)	65
Кіріктірілетін немесе жеке тұрған	Жеке тұрған

¹⁾ Мақта бұйымдарын толық және ішінара жүктеу кезінде кептірудің стандартты бағдарламасының 160 цикліне және энергия үнемдеу режимдерінде энергия тұтынуға негізделген . Энергияны нақты тұтыну кір жуғыш машинаның қалай қолданылатынына байланысты .

²⁾ Электрмен жабдықтауды басқару жүйесі болған жағдайда .


³⁾ Бұл бағдарлама толық және ішінара жүктеу кезінде де пайдаланылады және бирқадағы және техникалық деректердің анықтама парағындағы ақпарат кіретін стандартты кептіру бағдарламасы болып табылады . Бұл бағдарлама дымқыл мақта мата кірді кептіруге жарамды және энергияны тұтыну тұрғысынан мақтаны кептіру үшін ең тиімді болып табылады .

⁴⁾ G класы – энергия тиімділігінің ең төменгі, ал A класы – ең жоғары класы болып табылады .


Қосымшадеректер

Электрлік қуат беру (паспорттық тақтайшаны қар.) – кернеу/ ток / кіріс	220-240 В - 50 Гц/2,7 А/650 Вт
Қоршаған ортаның рұқсат етілген температурасы	5°C – 35°C дейін
Фторланған парниктік газы	R290
Көлемі	0,125 кг

Бұйымныңөлшемдері



АЛДЫҢҒЫ ЖАҒЫНАН КӨРІНІСІ



ҮСТІҢГІ ЖАҒЫНАН КӨРІНІСІ

ҚАБЫРҒА

БҰЙЫМНЫҢАУҚЫМДЫӨЛШЕМДЕРІ		
A	Бұйымның ауқымды биіктігі, мм	845
B	Бұйымның ауқымды ені, мм	595
C	Бұйымның ауқымды тереңдігі (басқару панеліне дейін), мм	672
D	Бұйымның ауқымды тереңдігі, мм	700
E	Есікті ашу тереңдігі, мм	1185
F	Есік пен іргелес қабырға арасындағы минималды қашықтық, мм	161

Ескерту: кептіру машинасының нақты биіктігі аяқтарының машинаның түбінен қаншалықты алыс болатынына байланысты. Кептіру машинасын орнатуға арналған кеңістік оның өлшемдерінен кемінде 40 мм кең және 20 мм терең болуы тиіс.

Кәдеге жарату

Қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғауға көмектесіңіз. Қаптаманы қайта өңдеу үшін тиісті контейнерлерге кәдеге жаратыңыз. Электр және электрондық жабдықтың қалдықтарын қайта өңдеуге көмектесіңіз. Осы таңбамен белгіленген аспаптарды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұйымды жергілікті қайталама шикізатты қайта өңдеу зауытына тапсырыңыз немесе муниципалды басқармаға жүгініңіз.



Haier

RU

Изготовитель:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация / импортер:

ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдин г, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алм аты қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Қытайда жасалған

The logo consists of the letters 'Eurasian Conformity' in a stylized, bold, blue font. The 'E' and 'A' are connected, and the 'S' is also connected to the 'A'. The letters are blocky and have a slight shadow effect.